

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
2020-2021 оқу жылындағы кезекті Академиялық комитет  
отырысының ҚАУЛЫЛАРЫ № 8**

Түркістан қаласы

18 наурыз 2021 жыл

Өткізілген орын: *(Онлайн режимінде)*

Өткізілген уақыты: 2021 жылдың 18 наурызы, сағат 16:00

Кеңес мүшелері – 43

Қатысқандар: 43, келмегендер: 0

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1.Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Білім беру бағдарламаларының (ЕСУВО) реестрге тіркелу процесіне мониторинг жасау *(Баяндамашы Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы Е.Шахабаев);*

2.Бітірушілердің білім беру бағдарламасы мазмұнына, бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатындағы сауалнамалар ұйымдастыру *(Баяндамашы: Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығы С.Мухиддинова; Жауапты: Факультет, жоғары мектеп декандары.);*

3.Әртүрлі мәселелер:

3.1.Университет ОПК дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын талқылап бекіту туралы *(Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы Е.Шахабаев);*

3.2. 2021 жылдың 05-06. сәуір аралығында Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында өткізілетін XIII Республикалық студенттік пәндік олимпиадасына Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Орындаушылық өнер» кафедрасы, 6В010406-Музыка мұғалімдерді даярлау мамандығы студенттерін жіберу туралы (Жауапты: Спорт және өнер факультетінің деканы Б.З.Абусейтов);

3.3. Үздіксіз және қашықтықтан білім беру орталығы үшін «Жаңартылған білім мазмұны негізінде болашақ мұғалімдердің кәсіби күзінеттілігін қалыптастыру» 72 сағаттық жұмыс оқу бағдарламасын бекіту (Жұмыс оқу бағдарламасын құрастырушылар PhD, доцент Д.Келесбаев, PhD, аға оқытушы С.Баймағанбетов);

3.4. Үздіксіз және қашықтықтан білім беру орталығы үшін «Зерттеу жұмыстарын жүргізудің методологиясы және мақала жазуды үйрену» 72 сағаттық жұмыс оқу бағдарламасын бекіту (Жұмыс оқу бағдарламасын құрастырушылар PhD, доцент Д.Келесбаев, PhD, аға оқытушы С.Баймағанбетов).

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша**

**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.2021-2022 оқу жылында жаңартылатын (20 ББ) және алғаш енгізілетін (15 ББ) Білім беру бағдарламалары талапқа сай әзірленіп, ҚР БҒМ Білім беру бағдарламалары Реестріне ұсынылсын.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша**

**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**2.1.** 2021 жылы бітірушілердің білім беру бағдарламасы мазмұнына, оқу процесін ұйымдастырудың нәтижелілігіне, бағалау саясатына және оқу барысында көрсетілген қызметтерге қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында (01-31.07.2021ж. аралығында) Сауалнама ұйымдастырылсын (Жауапты: Факультет декандары, жоғары мектеп директоры, Тіркеуші офис, ІТ департамент, Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығы).

**2.2.** Сауалнама сұрақтары жетілдірілсін және осыған байланысты жұмыс тобы құрылсын (Жауапты: Факультет декандары, жоғары мектеп директоры, Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке қарасты барлық орталық басшылары).

**2.3.** Сауалнама нәтижелері 2021 жылдың тамыз айындағы Академиялық комитетте талқылансын және ұсыныстар келесі оқу жылында оқу үдерісін ұйымдастыруда ескерілсін (Жауапты: Факультет декандары, жоғары мектеп директоры, Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке қарасты барлық орталық басшылары).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің біріншісі**

**сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**3.1.**Төмендегі ұсынылған Университет оқытушы-профессор құрамының оқулықтары мен оқу құралдарын баспаға ұсыну үшін (өз есебінен шығаруға) Университет Сенатының күн тәртібіне енгізуге ұсынамыз:

**Жоғары білімнен кейінгі білім беру факультеті бойынша:**

3.1.1.Педиатрия кафедрасының оқытушылары Г.С. Адырбекова, А.М. Абдиеваның дайындаған «Кеудедегі ауырсыну синдромы» оқу құралы;

3.1.2.Педиатрия кафедрасының оқытушысы Г.Н. Қылышбекованың дайындаған «Муковисцидоз:клиникалық көрінісі, диагностика, емі, реабилитация, диспансеризация» оқу құралы;

3.1.3.Педиатрия кафедрасының оқытушысы Г.М. Калменованың дайындаған «Балалар гематологиясы» оқу құралы;

3.1.4.Педиатрия кафедрасының меңгерушісі доцент С.М. Токбергенова, доцент П.Е. Калменова және оқытушы магистр В.М. Рахимбетованың дайындаған «Педиатриядағы негізгі синдромдар (I том)» оқу құралы;

3.1.5.Педиатрия кафедрасының меңгерушісі доцент С.М. Токбергенова, доцент П.Е. Калменова және оқытушы магистр В.М. Рахимбетованың дайындаған «Педиатрия бойынша жағдайлық есептер жинағы» оқу құралы;

3.1.6.Терапия кафедрасынан м.ғ.к., доцент м.а. Г.Ж. Садырханова және оқытушылары М.О. Мусахова мен Н.М. Сарманованың дайындаған «Бүйрек аурулары және жүктілік» оқу құралы;



3.1.7. Жалпы дәрігерлік практика №1 кафедрасының м.ғ.к., жоғары санатты дәрігер-терапевт Қ.А. Сартаева және магистр оқытушы жоғары санатты дәрігер-терапевт З. Бекназаровтың дайындаған «Себебі нақталмаған қызбаның синдромдық диагноздық алгоритмі (БМСК ұйымдары дәрігерлерінің тәжірибесінде)» оқу құралы;

3.1.8. Жалпы дәрігерлік практика №1 кафедрасының м.ғ.к., жоғары санатты дәрігер-терапевт Қ.А. Сартаева және магистр оқытушы жоғары санатты дәрігер-терапевт Г.О. Доланованың дайындаған «Несептің патологиялық тұнбасының синдромдық диагноздық алгоритмі (БМСК ұйымдары дәрігерлерінің тәжірибесінде)» оқу құралы;

3.1.9. Жалпы дәрігерлік практика №1 кафедрасының м.ғ.к., жоғары санатты дәрігер-терапевт Қ.А. Сартаева және оқытушы жоғары санатты дәрігер-терапевт О.Ж. Ташимбетованың дайындаған «Кардиомегалияның синдромдық диагноздық алгоритмі (БМСК ұйымдары дәрігерлерінің тәжірибесінде)» оқу құралы;

3.1.10. Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі, магистр Р.Г. Давыдов, оқытушы Б.Ж. Налшеков және оқытушы Н.К. Тасбулатовтың дайындаған «Ортопедиялық стоматологиядағы ақаулардың жіктелуі» оқу құралы;

3.1.11. Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер кафедрасының магистр оқытушысы С.Н. Жаханованың «Тісжегі» атты электронды оқу құралы;

Стоматология факультеті бойынша:

3.1.12. Зертханалық пәндер кафедрасынан х.ғ.к., доцент А.К. Мамырбекованың дайындаған «Биохимия практикумы» оқу құралы;

3.1.13. Зертханалық пәндер кафедрасынан х.ғ.к., доцент А.К. Мамырбекованың дайындаған «Тұрмыстық химия тауарлары» оқу құралы;

**Медицина факультеті бойынша:**

3.1.14. Профилактикалық медицина кафедрасынан б.ғ.к., доцент Р.К. Қуандықова және оқытушы М.П. Жанибекованың ағылшын тілінде дайындаған «Қоғамдық денсаулық сақтау» (ағылшын тілінде «Public health care») оқу құралы;

3.1.15. Пропедевтика және ішкі аурулар кафедрасының оқытушылары Н.Ж. Нурманова және К.О. Кенжееваның дайындаған «Зәр шығару жүйесі аурулары бар наукастарды зерттеу әдістері» оқу-құралы;

3.1.16. Педиатрия кафедрасының профессоры К.Аскамбай және оқытушысы А.А. Турехнованың дайындаған «Балалардың негізгі соматикалық ауруларының заманауи жіктелуіне сәйкес диагноз құрастыру» оқу құралы;

3.1.17. Педиатрия кафедрасының профессоры К.Аскамбай және оқытушысы А.М. Жолдыбаеваның дайындаған «Балалар ауруларындағы клиникалық дағдылар» оқулығы;

3.1.18. Педиатрия кафедрасының профессоры К.Аскамбай және аға оқытушысы Г.Т. Асилбекованың дайындаған «Балалар аурулары негіздері, 1-бөлім» оқулығы;

3.1.19. Педиатрия кафедрасының профессоры К.Аскамбай және аға оқытушысы Г.Т. Ильясованың дайындаған «Балалар аурулары негіздері, 2-бөлім» оқулығы;

**ЖОО дейінгі дайындық факультеті бойынша:**

3.1.20. Ағылшын тілі кафедрасының оқытушылары М.Мирзахметова, Р.Шафигулина және Н.Эргашованың дайындаған ағылшын тілінде «English Stories B1» оқу-әдістемелік құралы;

**Филология факультеті бойынша:**

3.1.21. Әлем тілдері кафедрасының профессоры Г.Т. Мұсабекованың дайындаған «ЖОО тәрбие жұмысының әдістемесі» оқу құралы;

**Инженерия факультеті бойынша:**

3.1.22. Компьютерлік ғылымдар кафедрасының п.ғ.к., доценті Г. Ниязова және аға оқытушысы Н.И. Байтерекованың дайындаған «Білім алушының кәсіби практикасы» оқу құралы;

**Гуманитарлық ғылымдар факультеті бойынша:**

3.1.23. Педагогикалық ғылымдар кафедрасының п.ғ.д., профессоры Ж.З. Торыбаева және магистр-оқытушысы Л.М. Атаханованың дайындаған «Девиантты мінез-құлықты оқушылармен жұмыс жүргізу әдістемесі» оқу құралы;

**Спорт және өнер факультеті бойынша:**

- 3.1.24. Орындаушылық өнер кафедрасының аға оқытушысы Б.Тажиметовтың дайындаған «Военные песни» оқу құралы;
- 3.1.25. Орындаушылық өнер кафедрасының оқытушы-магистрі Т.Мұстапаеваның дайындаған «Би композициясы және қойылым» оқу құралы;
- 3.1.26. Дене тәрбиесі кафедрасының п.ғ.к., доценті Е.Д. Оразбаев және аға оқытушылары М.С. Дайрабаев, Р.Т. Нарықбайдың дайындаған «Жүзу» оқу құралы;
- 3.1.27. Дене тәрбиесі кафедрасының аға оқытушылары М. Дайрабаев, Н.Қалиев, Н.Жилисбаев және Р.Нарықбайлардың дайындаған «Волейбол (жоғарғы оқу орындары білімгерлеріне арналған)» оқу құралы;
- 3.1.28. Дене тәрбиесі кафедрасының п.ғ.д., профессоры Ш. Оразовтың дайындаған «Жоғарғы мектеп педагогикасы» оқу-әдістемелік құралы;
- 3.1.29. Орындаушылық өнер кафедрасының аға оқытушысы Ж.Уразбаеваның дайындаған «Халықтық сахна биінің теория негіздері» оқу құралы;
- 3.1.30. Орындаушылық өнер кафедрасының аға оқытушысы Ж.Уразбаеваның дайындаған «Заманауи халық биінің студенттерге ықпал тигізетін тиімді жолдары» оқу құралы;

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің екіншісі  
сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.2. 2021 жылдың 05-06. сәуір аралығында Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында өткізілетін XIII Республикалық студенттік пәндік олимпиадасына Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Орындаушылық өнер» кафедрасы, 6В010406-Музыка мұғалімдерді даярлау мамандығы студенттері жіберілсін (Жауапты: Спорт және өнер факультетінің деканы Б.З.Абусейтов).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің үшіншісі  
сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.3. Үздіксіз және қашықтықтан білім беру орталығы үшін «Жаңартылған білім мазмұны негізінде болашақ мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру» 72 сағаттық жұмыс оқу бағдарламасы бекітілсін.

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің төртіншісі  
сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.4. Үздіксіз және қашықтықтан білім беру орталығы үшін «Зерттеу жұмыстарын жүргізудің методологиясы және мақала жазуды үйрену» 72 сағаттық жұмыс оқу бағдарламасы бекітілсін.

*Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.*



Ж.И.Исаева